

28 қыркүйек 2026



Акционерлердің кезектен тыс жиналысының қорытындысы

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), табыс пен әуе паркі көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы ең ірі әуе компаниялар тобы, 2026 жылғы 28 қыркүйек өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі шешім қабылданғанын хабарлайды.

«Эйр Астана» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

UKLR 6.4.2R талаптарына сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған шешімнің көшірмесі Ұлттық ақпарат сақтау тетігіне (National Storage Mechanism) жіберілді және онымен келесі сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://data.fca.org.uk/artefacts/NSM/DirectUpload/NI-000152266/NI-000152266.pdf>

Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі контактілер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет
investor.relations@airastana.com

Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департамент
media@airastana.com

Медиа
airastana@fticonsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 63 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 15 мәрте иеленді және қатарынан 10 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan төрт рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX)

және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.